



«Кселл» АҚ

«Кселл» АҚ атқарушы органының құрамын өзгерту туралы

Алматы, 28 сәуір 2023 жыл - «Кселл» акционерлік қоғамы (бұдан әрі «Компания») (KASE: KCEL) - Қазақстанның телекоммуникациялық нарығындағы көшбасшы ұялы байланыс операторларының бірі, өзінің акционерлері мен инвесторларын «Кселл» АҚ Бас коммерциялық директоры, Басқарма мүшесі Аверченко Мария Витальевнаың өкілеттігі еңбек шартының мерзімінің аяқталуына байланысты 2023 жылғы 11 мамырдан бастап тоқтатылатыны туралы хабардар етеді.

Осыған байланысты 2023 жылғы 12 мамырдан бастап «Кселл» АҚ Басқармасы келесі құрамда:

1. Узбеков Асхат Архатович – Басқарма төрағасы, Бас атқарушы директор;
2. Уйсумбаев Азамат Даулетович – Басқарма мүшесі, Корпоративтік мәселелер жөніндегі бас директор;
3. Страшенко Кирилл Валерьевич – Басқарма мүшесі, Бас техникалық директор;
4. Ибраев Данияр Кадылханович – Басқарма мүшесі, Қауіпсіздік жөніндегі бас директор.
5. Амардинов Малик Алимжанович - Басқарма мүшесі, Цифрлық даму жөніндегі бас директор.

Анықтама үшін:

Биржамен жұмыс жөніндегі уәкілетті тұлға
Дамир Муллашев

Investor_relations@kcell.kz

Компания туралы

Kcell - цифрлық телекоммуникациялық қызметтерді: мобильді байланыс пен орнықты байланыстың (FMC) конвергенттік қызметтерін, деректерді беру және интернетке қол жеткізуді, қаржылық сервистерді, цифрлық сервистер мен мобильді қосымшаларды, жүйелік интеграцияны, заттардың интернетін, машинааралық өзара іс-қимылды (machinetomachine), үлкен деректерді жинау және өңдеу және бұлттық есептеулер саласындағы АТ-шешімдерді ұсынатын қазақстандық оператор. Смартфон + тариф сервисін ұсыну бойынша Қазақстандағы көшбасшы оператор.

Kcell мобильді қаржы қызметтері, мобильді теледидар, онлайн фильмдер, музыка, кітаптар мен журналдар сияқты қосымша қызметтердің арқасында, сондай-ақ корпоративтік клиенттер үшін бірегей бизнес-шешімдер әзірлеудің арқасында бәсекелестік артықшылығы бар Қазақстанның ірі цифрлық экожүйесіне айналды. Компания сатылас, инфрақұрылымдық шешімдер стратегиясын іске асыру, инновациялық технологияларды дамыту және енгізу есебінен B2B нарығында жетекші орынға ие. 4G/LTE

желісімен қамту саласы Қазақстан Республикасы халқының 67,5% -ын қамтиды және қызметтердің жоғары сапасын қамтамасыз етеді.

Компания клиенттерге қызмет көрсетудің жоғары сапасының арқасында жоғары бәсекелі телекоммуникациялық нарықтарда өзін жақсы көрсеткен Kcell және activ брендтерімен ұсынылған. Нақты мультибрендті сәулеттің арқасында Kcell топтамалық қызметтерге қатысты оңтайлы баға белгілеу, клиенттік базаның табыстылығын және желі сапасын басқару есебінен B2C сегментіндегі бизнестің тиімділігін арттыруда.